

М.Қ. Жақып

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Петропавл қ.
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАЗІРГІ КӨЗҚАРАС

Мақаланың мақсаты – орыс зерттеушілерінің журналистік жарияланымдарындағы қазақ тақырыбына талдау жасау және «Түркістан жинағына» топтастырылған Н.С. Лыкошин очерктеріндегі отаршылдық сарын, әскери тыңшы М.И. Венюков жазбаларындағы саяси көзқарас қандай дәрежеде көрініс тапқанын ғылыми сарапқа салу.

Негізгі бағыттары мен идеялары – қазақ халқының 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі тұрмыс-тіршілігін зерттеп, білуде орыс тіліндегі мерзімді басылымдардағы орасан бай жарияланымдардың қазақ журналистикасын зерттеудегі маңызы ғылым үшін үлкен мәнге ие. Осы орайда, «Түркістан жинағындағы» баспасөз материалдар біржақты қарастырылмай, онда қамтылмай қалған мәселелерді кешенді түрде саралауға ұмтылыс жасалды. Сол тұстағы әртүрлі мерзімді басылымдармен бірге бірқатар ғылыми жинақтардағы қазақ даласына қатысты мәлімет, деректерге барынша көңіл бөлініп, өзара салыстырыла талдау жасалды.

Зерттеу әдістемесі – «Түркістан жинағындағы» қазақ жерін зерттеу жұмыстары жайындағы журналистік шығармалардың жанрлық ерекшеліктері екішелеп, жинаққа енгізілген орыс газет-журналдарының жарияланымдары баспасөз жанрлары бойынша жүйеленді. «Түркістан жинағына» топтастырылған орыс мерзімді басылымдарында жазылған қазақ халқының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік жағдайы жайындағы жарияланымдарға талдау жасалып, газет-журналдар бұл мәселені патшалық Ресейдің отарлау саясатының бір саласы ретінде қарастыруының себептері көрсетілді. Қазақ жерінің қазба байлықтары және табиғат жағдайының орыс мерзімді басылымдарында жазылуы, «Түркістан жинағында» молынан кездесетін қазақ даласына жалпы физика-географиялық сипаттама берілген материалдардың мәніне зер салынды.

Негізгі нәтижелер, талдау және тұжырымдама. Патшалық Ресейдің Орталық Азияға байланысты жүргізген саясаты мынадай үш кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың басы мен 40-жылдарына дейінгі аралықта екі жақ өзара дипломатиялық елшілер арқылы қарым-қатынас жасап, даулы жәйттерді бейбіт жолмен шешуге әрекет жасады. ХІХ ғасырдың 40-60-жылдарын қамтыған екінші кезеңде Ресейдің бұл аймаққа деген саясаты басқаша сипат алып, «көршіге қыр көрсету» түріне енді. Орта Азия хандықтарына қарсы алғашқы әскери жорықтар жасала бастады. Ал ХІХ ғасырдың 60-жылдарының ортасы мен 80-жылдарына сәйкес келетін үшінші кезеңде патша өкіметі дипломатиялық келіссөздер жүргізуден бас тартып, әскер күшімен жаулап алуға белсене кірісті. Осы туралы деректер жүйеленіп, «Түркістан жинағында» жинақталған орыс баспасөзіндегі осы үш кезеңде өткен оқиғалар жан-жақты қамтылған журналистік шығармалардың мазмұнына талдау жасалды.

Түйін сөздер: Н.С. Лыкошин, М.И. Венюков, қазақ халқының өмірі, публицистикалық еңбектер, очерктер.

M.K. Zhakyp

Manash Kozybayev North Kazakhstan University, Kazakhstan, Petropavlovsk
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

A modern view on Kazakh history in the press of royal Russia

The aim of the article is the scientific study of the Kazakh theme in the journal publications of Russian researchers: the colonial content in the essays of N.S. Lykoshin, the political view in the manuscript of military scout M.I. Venyukov, which were included in the "Turkestan collection".

Main directions and ideas – researching and cognizing the life of the Kazakh people before the October revolution of 1917. It can be noted that the vast wealth of publications in Russian-language periodicals is important for the study of historical journalism. In this connection, the press materials in "Turkestan collection" were not considered one-sidedly. An attempt to comprehensively highlight issues not covered in it was made. The information and data related to the Kazakh people and Kazakh

steppe in a number of scientific collections, as well as various periodicals were carefully analyzed and compared.

Genre features of publicistic works on research of the Kazakh steppe in the "Turkestan collection" are allocated; editions of Russian newspapers and magazines included in the Collection are systematized according to journalistic genres. The publications about the social situation of the Kazakh people in the late XIX – early XX century written in the Russian periodicals united in the "Turkestan collection" are analyzed; and the reasons why newspapers and magazines considered and covered these issues as an area of the colonial policy of royal Russia are covered. The minerals of the Kazakh land and the description of the natural state in Russian periodicals with a general physical and geographical description of the Kazakh steppe, which abounds in "Turkestan collection", are emphasized.

Key conclusions, analysis, and concept. The policy of royal Russia in relation to Central Asia was carried out in the following three stages. During the first period, i.e. between the beginning and the 40s of the 19th century: both sides communicated through diplomatic representatives and tried to solve disputed issues peacefully. In the second period, covering the 40's and 60's of the XIX century, the Russian policy towards the region took a different character and took the form of "showing its military capabilities". The first military campaigns against Central Asian khanates began. In the third period, corresponding to the middle of the 60's and 80's of the XIX century, the royal government abandoned diplomatic negotiations and began to conquer the Kazakh lands by military force. The information and facts about it were systematized and the contents of publicistic works comprehensively covering the events of these three periods in the Russian press from "Turkestan collection" were analyzed.

Key words: N.S. Lykoshin, M.I. Venyukov, life of the Kazakh people, journalistic works, essays.

М.К. Жакып

Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева, Казахстан, г. Петропавловск
e-mail: mkzhakyp@ku.edu.kz

Современный взгляд на казахскую историю в печати царской России

Цель статьи – научное исследование казахской темы в журнальных публикациях российских ученых в «Туркестанском сборнике»: анализ очерков Н.С. Лыкошина, политических взглядов военного разведчика М.И. Венюкова.

Основные направления и идеи – исследуя и познавая жизнь казахского народа до Октябрьской революции 1917 года, можно отметить, что большой пласт публикаций в русскоязычных периодических изданиях представляет собой бесценный архив для изучения исторической публицистики. В связи с этим рассматривались не только публикации в «Туркестанском сборнике», а была предпринята попытка изучить и другие источники. Были тщательно проанализированы и сопоставлены сведения и данные, относящиеся к казахскому народу и казахской степи в ряде научных сборников, а также различных периодических изданиях.

Метод исследования – системно-жанровый анализ публицистических произведений по исследованию казахской степи в «Туркестанском сборнике». Проанализированы публикации о социальном положении казахского народа в конце XIX – начале XX века, напечатанные в русских периодических изданиях, объединенных в «Туркестанский сборник», и причины, по которым газеты и журналы рассматривали и освещали этот вопрос как сферу колониальной политики царской России. Исследованы материалы с общим физико-географическим описанием казахской степи, которыми изобилует «Туркестанский сборник».

Ключевые выводы, анализ и концепция. Политика царской России в отношении Средней Азии осуществлялась в три этапа. В первый период, то есть между началом и 40-ми годами XIX века, обе стороны общались через дипломатических представителей и пытались решить спорные вопросы мирным путем. Во второй период, охватывающий 40-е и 60-е годы XIX века, политика России в отношении этого региона приняла иной характер и вошла в форму «демонстрации своих военных возможностей». Начались первые военные походы против среднеазиатских ханств. В третий период, соответствующий середине 60-х и 80-х годов XIX века, царское правительство отказалось от ведения дипломатических переговоров и начало завоевывать казахские земли военной силой. Сведения и факты об этом были систематизированы, а также проанализировано содержание публицистических произведений, всесторонне освещавших события этих трех периодов в русской печати, собранных в «Туркестанском сборнике».

Ключевые слова: Н.С. Лыкошин, М.И. Венюков, жизнь казахского народа, публицистические труды, очерки.

Кіріспе

Отандық журналистиканы ғылыми тұрғыдан зерттеудегі «Түркістан жинағының», онда топтастырылған патшалық Ресей тұсындағы орыс баспасөзінің маңызы әлі толық қарастырылмаған. «Түркістан жинағының» мазмұны толық ашылған жоқ. Жинақталған газеттер, журналдар, кітаптар, карталар т.б. басылым түрлерінің ерекшеліктері, авторлардың саяси көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары қазақ журналистикасы ғылымы тұрғысынан әлі жан-жақты зерттеу нысанына айналған жоқ. Қазақстан тарихына байланысты кейбір еңбектер жарық көргенімен «Түркістан жинағы» қазақ журналистикасы ғылымында арнайы зерттелмеген.

Сол себепті біздің аталған тақырыпты таңдап алу арқылы кейінгі ондаған жылдар бойы жүргізілген зерттеу жұмысымыздың осыған дейін жарық көрген көрсетілген еңбектерден ең басты ерекшелігі және айрықша ғылыми жаңалығы мынада – «Түркістан жинағы» тұңғыш рет ғылыми журналистиканың зерттеу пәні ретінде қарастырылып, талданды, ондағы патшалық Ресей аумағында шығарылып тұрған газеттер, журналдар, кітаптар, карталар т.б. басылым түрлерінің ерекшеліктері, авторлардың саяси көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары, жарияланған журналистік шығармалардың тақырыптары мен жанрлары, сол материалдарда қазақ халқының өткен дәуірлердегі тыныс-тіршілігінің жазылуы, жинаққа енгізілген патшалық Ресей баспасөзінің қазақ даласын отарлау саясатын жүргізудегі ықпалы, қоғамдық пікір қалыптастырудағы қызметі және басқа да көптеген мәселелер қазақ журналистикасы ғылымына жүктеліп отырған қазіргі жаңаша міндеттер биігінен талданды.

Зерттеудің ғылыми бағыты: Әлеуметтік ғылымдар.

Материалдар мен әдістер

«Түркістан жинағы» авторларының бірі Н.С. Лыкошин – Түркістан өлкесін отарлау саясатына қызмет ету үшін патша өкіметінің арнайы тапсырмасымен қазақ даласына қоныс аударып, осында ұзақ жылдар өмір сүрген әскери мамандардың бірі. Ол ұзақ жылдар Қожент уезінің бастығы, Түркістан генерал-губернаторлығы құрамындағы Самарқан облысының әскери губернаторы болып қызмет істеген, полковник әскери шенін алған (Голодная степь..., 1981).

«Средне-азиатский вестник» басылымының 1896 жылғы №№7, 8, 9 нөмірлерінде Н.С. Лыкошиннің Түркістан өлкесінде археология қолдаушыларының үйірмесі құрылғанға дейін жүргізілген археологиялық іздестіру жұмысының жағдайын талдауға арналған очеркі жарық көрді.

Бұл очерк «Түркістан жинағында» екі бөлімге бөлініп берілген. Очерктің алғашқы бөлімі (Лыкошин Н., 1896) жинақтың 1908 жылғы 466-шы томында берілген. Онда автор Қазалының түбіндегі Жанкент қаласында жүргізілген қазба жұмыстары, осынау ежелгі қаланың қирап, құлауы туралы халық аузында сақталған аңыздар, ориенталист П. Лерх жүргізген зерттеулер, Әулиеатаға жақын жердегі «Ақыртас» елді мекенінің қирандылары, Түркістан және Шымкент қалаларының аралығында орналасқан Сауран қаласының орны туралы мәліметтер келтірген.

Ал, жинақтың 1909 жылғы 522 және 523 томдарына енгізілген очерктің келесі бөлімінде (Лыкошин Н., 1896) Түркістан өлкесінде жүргізілген археологиялық зерттеу жағдайы, нақты айтқанда, Н.П. Остроумовтың Шымкент уезінде жүргізген жұмыстары сөз болады. Ежелгі уақытта халық «Жыланбұзды» деп атап кеткен ежелгі қаланың құлаған ескі қонысына сипаттама берілген. Автор Арыс өзені жағалауындағы жұмбақ құрылыстың қирандыларына назар аударған. Ондағы қазылған қорған орнынан көне темірден құйылған теңгелер мен тиындар табылған. Осы өңірде тұратын сауатты бір қазақ сол ақшалардағы жазуларды оқып беріп, табылған қазынаның тимуридтер әулеті Бабыр сұлтанның дәуірінен келіп жеткен жәдігерлер екенін айтқан.

«Түркістан жинағында» топтастырылған газет-журнал материалдарын журналистика тарихы тұрғысынан ғылыми сарапқа салу барысында М.И. Венюковтың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс мерзімді баспасөзінде жарық көрген, қазақ халқы мен қазақ даласына деген шовинистік және отаршылдық пиғылы айқын көрінетін публицистік еңбектеріне назар аудармау мүмкін емес.

Михаил Иванович Венюков (1832-1901) – орыстың оқымысты-ғалымы, саяхатшысы, отаршылдық идеяны жүзеге асыруға қызмет еткен қоғамдық қайраткері, Ресейдің мемлекеттік құрылымын саяси жағынан жаңарту және өзгерту жөніндегі жобаның авторы, сонымен бірге әскери тыңшы және саясаттану саласының талдаушы-маманы ретінде танылды.

М.И. Венюковтың қызығушылығын тудырған салалардың аясы өте кең және сан алуан болғаны соншалық, ол ғылым мен білімнің бір-бірімен оншалықты өзара байланысы аз көрінетін салалары бойынша да дүниетанымының кеңдігі мен кәсіби шеберлігін танытқан. Орыс баспасөзінде басылған мақалаларының мазмұны оның өзіне патшалық Ресей өкіметі тарапынан жүктелген ресми міндеттермен ғана шектеліп қалмай, көптеген басқа да мәселелер бойынша бастама көтеріп отырғанын көрсетеді.

Әдебиеттерге шолу

Ұлыбританиядағы Патша колледжінің зерттеушісі Алекс Маршаллдың «Орыс бас штабы және Азия 1860-1917 жж.» атты еңбегінде патша бас штабының Ресейдің азиялық шекаралық аймақтарын зерттеу мен басқарудағы қызметі, оның ішінде Императорлық Ресей мемлекетінің табиғаты, Бас штабтың институционалдық ерекшеліктері, Ресейдің Азиямен қарым-қатынасы қарастырылады. XIX ғасырда Ресей Орталық Азиядағы «Ұлы ойын» деп аталатын саясатта маңызды ойыншы болды. 1800-1917 жылдар аралығында Ресей Бас штабының офицерлері Түркия, Орталық Азия және Қиыр Шығыс елдерін аралап, болашақ соғыс жоспарларын құруға көмектесетін барлау мәліметтерін жинады. Ол империялық экспансия тактикасын және Кавказды, Орталық Азияны және Қиыр Шығысты қоса алғанда маңызды аймақтарға қатысты әскери барлау мен соғысты жоспарлаудың ролін қарастырады.

Автор егжей-тегжейлі мұрағаттық зерттеулер аясында Ресейдің Босфор бұғазын басып алу мүмкіндігі және Үндістанға экспедиция ықтималдығы сияқты мәселелерді дәлелді түрде зерттейді. Тұтастай алғанда, бұл кітапта Ресей Бас штабы, оның Азиядағы ролі және бүгінгі күні жоғары стратегиялық маңызды болып қалатын аймаққа қатысты Ресейдің әскери жоспарлауы туралы жан-жақты есеп берілген (Marshall, A., 2006:1-274).

АҚШ-тағы Оңтүстік Иллинойс университетінің зерттеушісі Теодор Р. Уикстің тұжырымдамасы бойынша Ресей құрылғалы бері дерлік көп ұлтты мемлекет болды. Автор «Ресей империясы» туралы айтылудан көп бұрын, Мәскеу патшасы бекіткен аумақтарда әр түрлі этникалық топтар өмір сүрген деп санайды. Ғалымның пікірінше, қазір адам болмысының орталық элементі болып саналатын ұлттар мен

ұлт ұғымдарының өзі империялық Ресейде XIX ғасырдың соңына дейін жоқ болатын. Патшалық «ұлттар саясаты» шын мәнінде бір ғана саясат емес еді. Керісінше, әр уақытта, айталық, Кавказда, Польшада немесе Орталық Азияда мүлдем басқа шаралар қолданылды (Weeks, Theodore R., 2006: 27-441).

2010 жылы басылып шыққан «Орталық Азиядағы үнді шекарасын қамтамасыз ету: қарама-қайшылық және келіссөздер, 1865-95» атты кітаптың авторы Мартин Эванс 1865-1895 жылдар арасындағы отыз жыл Ұлыбритания мен Ресейдің Орталық Азиядағы қарым-қатынасындағы ерекше тартысты кезең болды, бұл оларды бір емес, бірнеше рет соғыс шегіне жеткізді деп санайды. Екі ел мәселені «бейтарап аймақтар» немесе нақты шекаралар туралы келіссөздер арқылы шешуге тырысты, бірақ бұл мәселе өз мақсат-ниеттерін дұрыс түсінбеу, көптеген ішкі шатасулар мен даулар және географиялық және геосаяси факторларды айтарлықтай білмеу салдарынан қиындады.

Британ кітапханасындағы жазбаларға, сондай-ақ мақалаларға, баспасөз пікірлеріне, парламенттік пікірталастарға және басқа да заманауи есептерге сүйене отырып, Мартин Эванс Орталық Азиядағы осы шешуші кезеңнің «ой тарихын» ұсынады. Ол XIX ғасырда соғыс пен бейбітшілік мәселелерінің қалай шешілгені туралы түсінік береді және Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ұлы державалардың қарым-қатынасы туралы қызықты мысалдар ұсынады. Азия тарихын, патшалық Ресейді, империялық тарихты және британдық Үндістанның тарихын зерттеуге маңызды үлес қосқан бұл кітап Үндістан мен Пәкістанда олардың солтүстік шекараларын анықтауға және бекітуге әкелген оқиғаларды зерттеу ретінде де қызығушылық тудырады (Ewans, M., 2010:1-200).

Австрия ғылым академиясының (Вена) Паоло Сартори Ресейдің қарамағында болған Орталық Азиядағы ислам құқығының тарихы шын мәнінде жаһандық және Ресей империялық тарихы ұсынатын көптеген санаттарға сәйкес келмейді деп санайды. Автор орыстардың Орталық Азиядағы билігінің басынан бастап өздері орнатқан құқықтық бөліністерді жеңу арқылы мұсылмандарды заңдылықтың отаршылдық нысандарына енгізгенін дәлелдейді. Оның айтуынша, жергілікті халықтың әскери бюрократияға өз наразылықтарын білдіруіне мүмкіндік бере отырып, Ресей билігі Орталық Азия халықтарын отаршылдық әділеттілік туралы түсініктерді

өзгертуге және сол арқылы исламдық құқықтық тәжірибе дәстүрінен алшақтауға итермеледі (Sartori, P., 2014:419-447).

Канададағы Брок университетінің зерттеушісі Ван дер Ойе Д. Шиммельпеннинк өзінің Ресейдің Британдық Үндістанға басып кіру жоспарына арналған ғылыми мақаласында 1801 жылы Орталық Азия арқылы казак әскерлерімен бірге Британдық Үндістанды жаулап алу үшін жасалған орыс экспедициясының сәтсіздікке ұшырағаны қарастырылады. Император Павел I өзінің Наполеонмен арадағы ұзаққа созылмаған дипломатиялық қарым-қатынасы кезінде қолға алған жоспары жетістікке жеткізе қоймады және ол басталғанына бір ай уақыт өтпей жатып, жеңіліс тапты. Британдықтар XIX ғасырда өздерінің Оңтүстік Азиядағы иеліктерін патшаның құрлықтағы әскері басып алады деп қорыққанына қарамастан, бұл нашар жоспарланған миссия Ресейдің жалғыз іс-әрекеті болды (Schimmelpenninck Van Der Oye, D., 2014:143-152).

АҚШ-тағы Калифорния университетінің зерттеушісі Майя К. Петерсон патша өкіметі тұсында Орталық Азиядағы гидротехниктер және олардың Түркістан өлкесіндегі егіншіліктің кеңеюі мен империя құру үдерісіне қатысуы туралы ғылыми еңбегінде құрғақ аймақтарды суарудағы қиындықтар Ресейдің «өркениеттік миссияға» деген күш-жігеріне қауіп төндірді деп жазған. Орталық Азияның шекаралас аймақтарындағы орыс және шетелдік гидротехниктердің құлшынысы Ресейдің Түркістандағы саяси ұмтылыстарымен сәйкес келгенімен, патша өкіметінің аймақтағы саяси мақсатын жүзеге асыру оңай бола қойған жоқ (Peterson, M.K., 2016:125-146).

АҚШ-тың Огайо штаты университетінің зерттеушісі Скотт С. Леви Орталық Азиядағы Қоқанның өсіп-өркендеуі мен құлдырау тарихына арналған еңбегінде жергілікті халықтардың XVIII-XIX ғасырлардағы жылдам жаһандану элементіне қалай белсенді түрде араласқанын талдап, сипаттаған. Автор Қоқан хандығының (1709-1876) ағылшын тіліндегі алғашқы тарихын ұсынып, Ферғана алқабындағы сол ерекше мемлекеттің өркендеуін қарастырған. Зерттеуші Қоқан хандығының жаһандану күштерімен бірігуі аймақтағы саяси, экономикалық, демографиялық және экологиялық өзгерістерді қалай қалыптастырғанын ашып көрсеткен және дәл осы күштердің Қоқанды құлатуға қалай ықпал еткенін суреттеген. Ерте замандағы Еу-

разия тарихының шеткі аймағы деп есептелген бұл белсенді мемлекеттің негізгі тарихи маңыздылығын көрсету үшін Скотт С. Леви Орталық Азия халықтары өздерінің үлкен империялық көршілері патшалық Ресей мен циндік Қытай арасындағы саясатқа қалай белсенді әсер еткенін егжей-тегжейлі көрсететін «тарихи байланыс» әдістемесін қолданған (Levi, Scott C., 2017:1-288).

АҚШ-тағы Калифорния университетінің зерттеушісі Ян В. Кэмпбелл Ресей империясының Орталық Азияға енгізуге тырысқан институттары мен саясатымен таныстырады және олардың әсерін зерттейді. Ол далалық аймақтарда (бұрын енгізілген және негізінен көшпелі көшпенділер қоныстанған) және Түркістанда (1860 жылдардан бастап жаулап алынған, көп отырықшы халқы бар) саясаттың әрқилылығын атап өтеді. Орта Азияға патша өкіметінің әкелген елеулі өзгерістерін жергілікті халық бірден қабылдай қоймады. Құқықтық және әкімшілік жүйелерді бюрократиялау ұлтшылдық қозғалыстардың және «өркениетті» исламдық қозғалыстардың күшеюіне, шаруаларды отарлаудан туындаған демографиялық және экологиялық өзгерістерге апарып соқты (Campbell, Ian W., 2021).

Германия профессоры Диттмар Шорковиц (Schorkowitz, Dittmar, Max Planck Institute for Social Anthropology, Halle, Germany) еңбектерінде Ресейдің Сібірге, Кавказға және Орталық Азияға тарихи экспансиясы баяндалады. Автор бұл континенттік отаршылдықтың ерекшеліктері мен патшалық кезеңнен кеңестік кезеңге дейінгі отаршылдық бақылаудың үздіксіздігін көрсетеді. Ресейде отаршылдық қай жерде, қашан және қалай дамығанын көрсету үшін тарауда ең алдымен жаңадан алынған аумақтарды басқарған және оларды империяның сыртқы немесе ішкі колонияларына айналдырған көптеген институттардың құрылысына назар аударылады. Содан кейін бұл бөлімде отаршылдық пен отарлау, кеңестік отаршылдық және деколонизация, әсіресе Ресей тарихшылары арасында қызу талқыланатын тақырыптар талқыға салынған, олар кейде оның отаршылдық сипатын емес, орыс емес халықтарды қанауды мойындайды. Қазіргі уақытта Ресейдегі жағдай постколониялық емес, неоколониалдық жағдай деп айтылады (Schorkowitz, D., 2019).

Түркиядағы Мармара университетінің (Ыстамбұл қ.) ғалымы Элиф Көк XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің Азияға экспансиясы Орталық Азияның мәдени мұрасының

жаңа дәуірінің басы болды деп есептейді. Оның пікірінше, орта ғасырлардан бері әсем Тимурид ескерткіштерімен аңызға айналған Самарқанд бұл кезеңдегі ең көрнекті орталық болды және Ресейдің әскери қызметі кезінде ғалымдар мен өнер қайраткерлеріне де осы жерлердің әртүрлі аспектілерін құжаттау міндеті жүктелді (Кök, Е., 2022).

Нәтижелер мен талқылау

Н.С. Лыкошин очерктеріндегі отаршылдық сарын

Әскери қызметші бола жүріп, өзіне патша өкіметі тарапынан жүктелген тапсырмаларға сәйкес Н.С. Лыкошин Түркістан өлкесін отарлау мәселесіне арналған пікірлері мен ұсыныстарын ұдайы қағазға түсіріп, газет-журнал беттерінде жариялап отырды.

Осы мақсатта Н.С. Лыкошин мерзімді баспасөзбен де тығыз байланыс жасап тұрды. Мысалы, «Туркестанские ведомости» газетінде жарық көрген мақаласында (Лыкошин Н.С., 1912) қазақ даласының оңтүстік өңірін суландыру мәселесіне тоқталған. Автор мынадай деректер келтіреді. Мердігер инженер С.Н. Чаевтың ірі көлемде қарды несиесін алып, егістік алқаптарының аумағын кеңейту ісіне кіріскен. Ол осы мақсатта Лондоннан құны 400 мың сом тұратын, жер қазуға лайықталған экскаватор сатып әкелген. Алдымен Мәскеу округтік темір жолының құрылысына пайдаланылып, сынақтан өткізілген техника енді қазақ даласын игеру ісіне қызмет ету үшін Сырдария жағалауына әкелінген.

Н.С. Лыкошиннің бұл материалы бұрын көшпелі қазақтар мекендеп келген жерлердің қалай егістік алқаптарға айналдырылып, орыс шаруаларын қоныстандыруға дайындалып жатқаны жайында жазылған ақпараттық сипаттағы хабар болып табылады. Н.С. Лыкошин XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласын игерудің жайы бойынша орыс баспасөзі беттерінде қызу талқыланып жатқан пікірталастарға да белсене қатысты.

«Түркістан жинағындағы» топтама материалдарға және мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларға сүйене отырып, Н.С. Лыкошиннің атсалысуымен егжей-тегжей сөз болған мәселелердің бірін қарастырып көрейік.

«Туркестанские ведомостидің» 1900 жылғы бірнеше нөмірлерінде қазақ жерін аралаған ғылыми-зерттеу экспедициялары жетекшіле-

рінің бірі Н. Рудневтің Сырдария өзенінің орта ағысындағы Қызылқұм даласын игеріп, суландыруды қолға алуды ұсынған, бұл өңірді ұмыт қалған аймаққа теңеген көлемді мақаласы басылды (Руднев Н., 1900).

Патшалық Ресей өкіметінің (мақалада «орыстардың» деп ашық жазылған) Түркістан өлкесін жаулап алғанына отыз жылдан асып кеткенін айта келіп, автор осы уақыт аралығында, өздерінің қарамағына өткен «бұрынғы жабайы жерлерді» еуропалық өркениет арқылы игеріп, мәдениеттендіру жөнінде елеулі жетістіктерге қол жеткізгенін мақтанышпен атап көрсетті.

Соған қарамастан, өкінішке қарай, мына бір жайды ұяла мойындау қажеттігіне назар аударып, Түркістан өлкесінің астанасы Ташкент қаласының маңында мүлдем ұмытылып жүрген аймақ бар екенін, егер оны білгір адамдар мұқият зерттесе, көптеген қызықты және пайдалы мәліметтерге кенелетінін баяндады. Ресми билік орындары ұмыт қалдырған аймақ ретінде Сырдарияның сол жағалауындағы Жызақ уезінің және Шымкент уезі Түркістан учаскесінің жері мен халқының жағдайын жағырапиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда сипаттады.

Ол «осыдан бір жыл бұрын дарияның бойын жағалай Шыназ селосынан 60-70 шақырымдай төменде орналасқан бұрынғы Шардара бекінісінің қираған орны мен Түркістан учаскесінің Перовск уезімен шекарасына жақын жатқан Үшқайық өткелі аралығын аралап қайтқаннан кейін» туған ой-пікірлерін ортаға салды. Сырдария өзені арқылы кеме қатынасын жасап тұрған Арал флотилиясынан басқа 1867 жылдан кейін арнайы ғылыми мақсатпен бұл өңірге ешкім келмегеніне өкініш білдірді.

Осы сапарының барысында бір кезде Бұқар хандығының шабуылынан Ташкентті қорғауға септігін тигізген Шардара бекінісінің құландысын, Шыназ елді мекенін, «Сасықкөл» көлін, сондай-ақ ежелгі Ұзын Ата, Қысты, Сүткент, Байырқұм, Ешкілі, Жартөбе, Рабат, Қауған Ата, Артық Ата, Разды Ата, Оқсыз қалаларының орындарын, Қаракөл, Жолбарыс, Көксарай, Шеңгелді, Балтакөл, Мыңтөбе, Ешкіөлмес, Мұрынбұлақ, Боранжол, Қарақ Ата елді мекендерін, Арыстандытау, Қарақтау, Нұрата, Қаратау тауларын көріп, танысқан Н. Руднев жергілікті халықтың, яғни Қоңырат тайпасы қазақтарының тұрмыс-тіршілігін, этнографиялық ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін зерттеп, тау-тастарын, бұлақтары мен құдықтарын қағазға түсірді. Патша

өкіметінің отарлау саясатын жүзеге асыру барысында Сырдарияның сол жағалауын назарда ұстап, келімсектерді осында қоныстандыру қажет деген ұсыныс айтты.

Барлық күш пен мүмкіндігін басқа аймақтардағы Ресейден қоныс аударушылар аяғының ізі түсе қоймаған қуаң жерлерді суландырып, игеруге жұмсап жатқан билік орындары «Туркестанские ведомостида» басылған мақалада айтылған мұндай ұсынысты бірден қолдап, дереу іске кірісе қоймаған секілді. Сол себепті болуы керек, арада үш жыл өткен соң, 1903 жылы газет осы тақырыпқа қайта оралып, бірнеше мақала жариялады.

Сырдарияның сол жағалауын зерттеген саяхатшы ғалымдардың бірі А. Тилло «Туркестанские ведомостидің» редакциясына өзеннің Ташкент уезінен Арал теңізіне дейінгі жағалауы миллион десятина қашықтыққа созылып жатқанын және бұл тұсқа отаршылар әлі келе қоймағанын хабарлады (Тилло А., 1903).

Жабайы жиде ағаштары, сексеуіл мен қамыс қаулап өскен осы өңірдің негізгі тұрғындары Қоңырат тайпасының қазақтары болатын. Жыртқыш жабайы аңдар да аяқ алып жүргісіз еді. Байырғы шаһарлар мен бекіністердің, жергілікті тұрғындар қазған арықтардың орындары жиі кездесетін. Әсіресе, бұрынғы Сүткент қаласының түбінен өтетін, Сырдариядан тартылған Сарыарық пен Көксарай көлінен шығатын Шентарық зерттеушілер назарын аударған.

Сырдария алқабы жайындағы осындай құнды, бай мағлұматтар жиналып, Түркістан генерал-губернаторлығының әскери-топографиялық бөлімінің архивіне өткізіліп тұрды. Алқаптың Ташкент және Шымкент уездері аумағының оңтүстік бөлігі, яғни Шардара мен Шыназдың ортасында жатқан жер отарлаушыларды қатты қызықтырды. Құрғақшылық болып, жердің кензесін кептірген 1899 жылдың өзінде қазақтар арпа, бидай, тары егіп, одан мол өнім алып, келімсектерді таң қалдырған.

Барлық аумағы 200 мың десятинаға жуықтайтын бұл алқапты тыңғылықты зерттеген А. Тилло мұнда мал және балық шаруашылығын дамытуды, таяу орналасқан Орынбор-Ташкент теміржолын пайдаланып, сол байлықты Ресейге тасуды ұсынды. Ол үшін Түркістанды отарлау міндетін орындау барысында ең алдымен Сырдарияның орта ағысының сол жағалауын игеруді қолға алу, шұғыл түрде ежелгі қалалардың орнына орыс шаруаларының поселкелерін, казак станицаларын салу қажет деп есептеді.

А. Тиллоның мақаласы ресми орындар тарапынан саналуан пікірлер туғызды.

Сол кезде Түркістан генерал-губернаторлығы, Самарқан облысының әскери губернаторы, Қожент уезінің бастығы қызметтерін атқарған, полковник Н.С. Лыкошин жоғарыдағы материал авторының көзқарасына қарама-қарсы келетін ой-тұжырымын ортаға салды. Ол А. Тилло жедел түрде игеруді ұсынған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы аймақ ауқым болғанымен, барынша қолайсыз екенін дәлелдеуге құрылған мақала жазып, газеттің 1903 жылғы 1-5 қазандағы №№79-80 нөмірлерінде жариялады.

Бұл мақаласында Н.С. Лыкошин Қызылқұмды суландырып, поселкелер мен станицалар салудың болашағын жоққа шығарды (Лыкошин Н.С., 1903). Мақалада айтылғанындай, Сырдария облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Н.И. Корольков мұның анық-қанығына көз жеткізу үшін арнайы экспедиция жіберген. Оның құрамына кірген инженер-технолог А.А. Рудинский, капитан В.П. Колосовский және 1898 жылы Шымкент уезі бастығының көмекшісі болып қызмет еткен Н.С. Лыкошинге бұрын қазылған арықтарды қалпына келтіріп, жерді суландыруға пайдаландың мүмкіндіктерін ғылыми-техникалық тұрғыдан қарап шығу, дарияның сол жағалауын картаға түсіру және онда тұрып жатқан қазақтардың тұрмысын зерттеп білу жүктелді.

Сырдария облысы әскери губернаторының тапсырмасымен 1898 жылы Сырдың сол жағалауын зерттеп қайтқан алғашқы экспедиция қазақтар қазған арықтар орыс шаруаларын орналастырудың талаптарына сәйкес келмейді деген қорытындыға келді.

Алайда, бұған қарама-қарсы, бұл өңір егін шаруашылығына пайдалы деушілер де аз болған жоқ. Сол себепті, 1899 жылы екінші рет экспедиция ұйымдастырылып, орыс зерттеушілері мен ғалымдары Шыназдың түбінде қайықпен Сырға түсіп, Ұзын Атамен Жолбарыс тоғайының аралығын 12 күн бойы аралады. Бұл экспедиция да Сырдың сол жағалауына орыс поселкелерін салу тиімсіз, қызылдың құмы орыс шаруаларының жер жырттып, егін егуіне қолайсыз, шөбі сирек, ескі арықтарды қалпына келтіру көп шығынға ұшыратады, сондықтан, қазақ қоңыраттары төрт түлік малын жайып жүре берсін деп шешті. Арық қазып әуре болмай-ақ, өзенде жүзіп жүретін, бумен қозғалатын су тартқыш қондырғы орнатылған арнайы машинаны пайдаланайық, ол жағалауға қажетті

мөлшерде, қажетті уақытта су шығара алады деген ұсыныс айтады.

Н.С. Лыкошиннің осындай ойларға құрылған мақаласына А. Тилло қарсы пікір білдірді. Ол «Туркестанские ведомостидің» 1903 жылғы 16 қазан күнгі №83 нөмірінде басылған екінші мақаласында Н.С. Лыкошиннің тұжырымдарын түкке тұрғысыз деп бағалады (Тилло А., 1903). «Патша қазынасындағы қаржыны желге ұшырмаймыз, шығынға батпаймыз десек, америкалық қымбат бу машинасына емес, ескі арықтарды қалпына келтіруге иек арту керек», – деп жазды. Сырдарияның сол жағалауын игеріп, орыс шаруаларын қоныстандыру, орыс поселкелері мен казак станицаларын салу жөніндегі мәселені өзі ойлап таппағандығын, Түркістан өлкесінің тұңғыш генерал-губернаторы К.П. фон-Кауфманның көздеген мақсаты да осы болғанын, бұл ой-ниетті генерал М.Г. Черняев жүзеге асыра бастағанын айтты.

Газеттің 1903 жылғы 26 қазан күнгі №86 және 10 желтоқсан күнгі №100 нөмірінде басылған Сырдарияның жағалауын отарлау мәселесіне арналған мақалалардың авторлары В.С. Руднев пен П. Комаров А. Тиллоның ұсыныстарына қолдау білдірді.

Атап айтқанда, П. Комаров газетте жарияланған А. Тиллоның мақалалары, әсіресе Н.С. Лыкошиннің мақаласы өзінің «Ауқымды, бірақ қолайсыз» деп аталатын тақырыбымен және мазмұнымен бұл өлкеде орыс поселкелерінің пайда болуының шағын құпиясын ашып отырғанын айтты. Автор қазақ даласына қоныс аударған орыстарды орналастыру үшін жарамды жерлер ретінде, жергілікті тұрғындардың күшімен бұрыннан суарылып, игерілген алқаптар таңдап алынғанын, саяси мақсат-міндеттер бойынша бұл жерлер көшіп келушілерге күшпен тартып әперілгенін, ал, су жүретін арықтардың құрылысы жолында жұмсалған бұрынғы еңбек бағалаусыз қалғанын ашық мойындады.

«Алайда, Ресейдің ортақ дұшпандарына қарсы орыс әскерлерімен тізе қосып, бірге соғысқан қазақтарға осындай әрекет жасау әділеттік бола қояр ма екен? Егер біз бұл халықтың еңбегі мен тұрмыс-тіршілігінің тыныштығына құрметпен қарасақ, олар әрқашан да біздің жағамызда тұрады деген ой келеді. Міне, сондықтан, келешекте поселкелер мемлекеттің өзінің күштерімен суландырылған жерлерде ғана бой көтеруі керектігін тілек етіп айтқан жөн. Бізге қарсы ешқашан жаугершілік көңіл-күйін білдірмеген, орыстардың қырғыздар арасында пайда болған

уақытынан бері бізге әділ қарым-қатынаста жүрген адамдардың Ресейге деген сенімін үзудің қандай қажеттілігі бар?», – деп жазды П. Комаров (Комаров П., 1903).

«Түркістан жинағында» жарияланған П. Комаровтың бұл мақаласында орыс поселкелері бой көтергеннен бері жері жоқ көптеген қазақтар пайда болғаны, соның салдарынан жерсуға байланысты талас-тартыс туа бастағаны, мұндай дау-жанжалдар көп жағдайда күш жұмсаумен аяқталатыны бүкпесіз баяндалған. Мысалы, Шымкент уезінде судың төңірегінде ғана болатын талас-тартыс негізінен кездеспегенімен, жерді бұрыннан пайдаланып келе жатқан қазақтар өздерінің иеліктеріндегі жерлерін орыс шаруаларына босатып беруге мәжбүр болған. Сол себепті жергілікті халық өздеріне көрші қоныстанған ағайындарына су да, жер де бере алмай қалуына байланысты тұрғындардың арасында жиі-жиі жанжалдар шығып тұрған.

Н.С. Лыкошиннің қазақтарды жерге қоныстандыру жөніндегі көзқарасына байланысты пікірін білдірген мақаласында П. Комаров Шымкент қазақтары өздерінің қарамағындағы жерлерге тығыз, жиі орналасқанын, өзінің байтақ жатқан уез аумағын аралап, олардың экономикалық жағдайымен танысып, дәлелді цифрлық мәліметтер жинауға мүмкіндік алуының сәті келгенін, сондықтан, Сырдарияның жағалауына орыстарды қоныстандыруға кірісуден бұрын бұл өңірді бұрыннан мекендеп келе жатқан қазақтардың экономикалық жағдайын зерттеп біліп алу қажеттігін алға тартқан (Комаров П., 1903).

Н.С. Лыкошин өзінің публицистік шығармашылығында шығыс халықтарының арасындағы өзара сыйластық әдет-ғұрыптарға да мән берген.

«Түркістан жинағының» 1916 жылғы 584 томында жарияланған Шығыстағы ізеттілік мәселесіне арналған еңбегінде автор шыққан тегі, қай жерде өмір сүретіні және ұлтына қарамастан барлық елдердің мұсылмандары арасында түгелдей сақталатын және орындалатын өзара бір-бірін құрметтеу, қадір тұту мақсатындағы ынтымақтастық ережелері бар екенін жазады. Қазақтардың сәлем беру кезінде, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен қарым-қатынасында, қонаққа сый-сияпат жасау барысында, тамақ ішіп-жеу және сусын ішу сәтінде сақтайтын ізетті әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқталады (Лыкошин Н.С., 1915).

Патша өкіметінің Түркістан өлкесін отарлай бастауының жарты ғасырлық оқиғасына

орай Петроград қаласында 1915 жылы кітап болып басылып шыққан Н.С. Лыкошиннің бұл еңбегі алғаш жарық көргеніне арада бір ғасырға жуық уақыт өтсе де күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

Өйткені патшалық империялық әкімшіліктің сан мыңдаған өкілдерінің арасынан тек Н.С. Лыкошин ғана Шығыс мұсылмандары арасындағы адалдық, имандылық, қандай әрекеттер әдептілікке жататыны, қандай әрекеттер әдепсіздікке жататыны жайында, Түркістан өлкесі жергілікті халықтарының ар-намысына тимеу үшін осында қоныс аударушылар өздерін қалай ұстауы қажеттігін барынша түсіндіріп берген осынау тарихи маңызды еңбегін жазуға тәуекел ете алды. Ресей империясы құлап, арада қаншама уақыт өтсе де мұндай мазмұндағы еңбек жазылып, жариялана қоймағандықтан 2005 жылы Мәскеуде Н.С. Лыкошиннің осы еңбегі қайта басылып шығарылды (Лыкошин Н.С., 2005).

Н.С. Лыкошиннің Түркістан өлкесінде өткізген өмірі, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі суреттелетін очерктерден тұратын еңбегі де баспасөз тарихы үшін қызықты деректер бере алады (Лыкошин Н.С., 1916). Қазақ даласын отарлау мәселесі бойынша Н.С. Лыкошинмен баспасөз бетінде пікір бөліскен П. Комаровтың қазақтар арасындағы сенім-нанымдар туралы мақаласында ел ішіндегі бақсылардың ауру адамды емдеу рәсімі жан-жақты суреттеліп жазылып, осындай ем-домның нәтижесінде кеселінен айыққан жандардың жоқ емес екеніне мысалдар келтірілген (Комаров П., 1905). П. Комаров тағы бір мақаласында Шымкент уезінде асыл тұқымды қаракөл қойларының басын көбейту мәселесін көтерген (Комаров П., 1907).

П. Комаров баспасөзде жарық көрген мақалаларға үн қосып та отырған. Ә. Диваевтың «Туркестанские ведомости» газетінің 1905 жылғы №4 нөмірінде басылған мақаласына орай қазақ малшылары туралы өз ой-пікірлерін білдірген. Қазақ халқы арасындағы мал бағу – бақташылық кәсіп, оған төленетін еңбекақы, малдың егістікке түскені үшін салынатын айыппұл, жоғалған мал үшін жауапкершілік жүктеу және басқа да салт-дәстүрлерге талдау жасаған. Жылқышы, түйеші, қойшы сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын беріп, өзара салыстырған. Бақташылардың бағуына берілетін отарда қанша мал болатынын есептеп шығарған (Комаров П., 1907).

Жоғарыда аталған, ең алдымен газет-журналдарда жарияланып, одан кейін «Түркістан жинағына» топтастырылған еңбектердің автор-

лары Н.С. Лыкошин, В.С. Руднев, А. Тилло, П. Комаров – Түркістан өлкесінің тыныс-тіршілігін әбден зерттеген, жергілікті жағдаймен барынша таныс авторлар болатын. Олардың кәсіби мамандықтары баспасөз ісімен тікелей байланысты болмаса да, публицистиканың өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, жұртшылыққа жеткізу үшін тиімді пайдаланды. Мерзімді баспасөз қазақ даласын игеру жолдарын іздеп, отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында қолданылған қуатты күшке айналды.

М.И. Венюков жазбаларындағы саяси көзқарас

М.И. Венюковтың «Түркістан жинағына» жинақталған еңбектері патшалық Ресей аумағында орын алып отырған ұлттық, діни және әскери-саяси қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың негізгі себептерін танып-білуге мүмкіндік береді. Патша өкіметінің арнайы тапсырмасына сәйкес оның қызметі Түркістан өлкесі мен Ауғанстан тарихымен тығыз байланысты жүргізілді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей қоғамында Орталық Азиядағы патша өкіметінің саясаты қай тұрғыда жүргізілуі қажеттігі жөніндегі пікірталастар кең қанат жайып, оған елдің отаршылдық пиғылын жүзеге асыруға мүдделі әскери, саяси және қоғамдық саласының өкілдері белсене қатысты. Әсіресе, бұл мәселе бір жағынан патшалық Ресей әскери министрлігінің Орталық Азиядағы әскери іс-қимылдарды барынша күшейте түсуді қолдаған және екінші жағынан патша өкіметінің бұл аймақтағы саясатын неғұрлым байыпты, байсалды жүргізу керектігін ұсынған қызметкерлердің екі тобы арасында қызу пікірталасқа түсіп, жан-жақты талқыға салынды.

Осы пікір сайысына белсене атсалысқан М.И. Венюков патшалық Ресейдің Түркістан өлкесіндегі басқыншылық саясатын кеңейтіп, күшейте түсуді жақтады. «Түркістан жинағындағы» материалдарының бірінде тіпті ол Ресейдің болашақ «табиғи» шекарасы Гиндукуш, Балх, Бадахшан бойымен өтуі қажеттігін ұсынды (Венюков М.И., 1873).

Бұл пікірге патшалық Ресей әскері Бас штабы офицерлерінің басым көпшілігі, атап айтқанда, А.И. Глуховский, М.Д. Скобелев, Л.Н. Соболев және басқалар қызу қолдау білдіріп, келешекте «Үнді жорығын» ұйымдастыру мүмкіндігін де жоққа шығармады.

Ал, Орталық Азиядағы патша саясатын асығып-аптықпай, бірқалыпты жүргізу керек

деген көзқарасты жақтаушылар алға қойылған міндеттерді бірте-бірте жүргізуге шақырып, шектен тыс белсенді іс-әрекеттер Ресейдің Англиямен арадағы қарым-қатынасын қиындатып, елеулі түрде күрделендіріп жіберуі мүмкін екендігін ескертті. Мәселен, Ресей тарихшысы, патша әскерінің генерал-лейтенанты М.А. Терентьев өзінің «Түркістан жинағындағы» еңбектерінің бірінде орыс билігінің Орталық Азиядағы іс-қимылдарының барлығы ағылшын-орыс қарым-қатынасына тікелей ықпал ететінін атап көрсетіп, Ресейдің «Үндістанға шабуыл жасауына ешқандай тілек-мүддесі де, ниеті де жоқ... Ресей өз бетінше, Англия не айтатынын ескермей, қимыл жасайтындай өзін соншалықты күшті сезіне қоймайтын шығар», – деп есептеді (Венюков М.И., 1873).

Алайда, мұндай көзқарас М.И. Венюковтың ұстанымына сәйкес келмеді, ол орыс баспасөзінде жарық көрген публицистік еңбектерінде Ресейдің Орталық Азиядағы іс-қимылдарын күшейте беру жөніндегі бұрынғы пікірін қайталай берді. Оның ойынша, тек осындай біржақты шешім арқылы ғана Англияның бұл аймақтағы ықпалын әлсіретіп қана қоймай, Шығыс мәселесін Ресейге пайдалы бағытта шешуге мүмкіндік алуға болады.

Келе-келе Үндістандағы Британ билігіне «орыстар жағынан қатер төндіру» мәселесі де күн тәртібіне қойыла бастады. М.И. Венюков Балқандағы халықаралық мәселелерді талқылау барысында Ресей Англияға Үндістаннан айырылып қалу мүмкіндігін ұғындыра отырып, қарсылас елді «барынша келісімге икемді» қалыпқа түсіруге болады деп есептеді. Осыған байланысты орыс офицері М.И. Венюков өзінің мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында патшалық Ресейдің Орталық Азия жерін неғұрлым жедел түрде жаулап алуға бағытталған аумақтық басқыншылық саясат жүргізуі қажеттігін елдің ең басты ұлттық міндеттерінің бірі ретінде қарастырды.

«Түркістан жинағындағы» еңбектерінде М.И. Венюков патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы отаршылдық саясатының негізгі кезеңдерін, сондай-ақ, оның «пайдалы» және «зиянды» жақтарын атап көрсетті. Сонымен бірге орыс офицері осы аймақтағы ағылшын-орыс қарым-қатынасының даму қозғалысына талдау жасады, Англия мен Ресей арасындағы қарама-қайшылықтың күшеюінің себептері мен салдарын зерттеп, жан-жақты қарастырып, талдау жасады.

М.И. Венюков 1897 жылы «Русская мысль» басылымында жарық көрген бір еңбегінде өзін «Шығысты сүйуші ақсақал» деп атады. Ол бұлай дегенде, 1859 жылы Шу өзеніне жасалған саяхатынан басталған, Азия елдерін зерттеуге бағытталған 40 жылға жуық тәжірибесін меңзеп айтқан болатын (Венюков М.И., 1897).

М.И. Венюковтың 1859 жылы Шу өзеніне, 1860 жылы Ыстықкөл көліне жасалған экспедициясының астарында да дәл осындай ерекше пиғыл жатқан еді. Ондағы мақсат – Шу өзенінің жағалауын онда геодезиялық жұмыстар жүргізу үшін алдын-ала тексеру, Пішпек бекінісін алуға дайындық жасауға арналған түпкі ниетпен оның маңайынан негізінен орыс казактары қоныстандырылатын алдыңғы саптағы бекініс тұрғызу бастамасы алға қойылды. Бұған қоса Ыстықкөлге жақын аймақтарда жүргізіліп келген қоқандықтардың ықпалын өзгерту, аталған өлкедегі патшалық Ресейдің әскери билігін күшейте отырып, қазақтар мен қырғыздар арасындағы қарым-қатынасты орыс билігінің мүддесіне сай пайдаға асыратындай жағдайға келтіру міндеті тұрды.

Англия секілді елдермен отаршылдық ықпалын арттыра түсу жағынан өзара бәсекелестікте қалай да жеңіп шығуды көздеген патшалық Ресейдің сыртқы саясатындағы басымдықтарын қамтамасыз етуге қызмет еткен М.И. Венюковқа экспедициялар барысында азиялықтармен қарым-қатынас жасау кезінде «барынша бейбітшілік сүйгіш қалыпты сақтау қажеттігі» қатаң тапсырылды (Кузнецова А.В. М.И. Венюков о методах освоения русского Туркестана).

Патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы отаршылдық саясатының саяси және стратегиялық міндеттеріне сәйкес алғашқы кезеңдерде жергілікті тұрғындармен өзара достық қарым-қатынас орнату, сол арқылы орыс билігін бірте-бірте дендей енгізу керектігі баса назарға алынды.

Өзінің Түркістан өлкесінде жүргізілген экспедициялары кезінде, сондай-ақ оның қорытындылары бойынша жазған публицистикалық жазбаларында М.И. Венюков Орталық Азия аймағының тұрғылықты халқын «қарақшылар мен жабайылар» деп есептеп, олардың «ұлттық сана-сезім деңгейінің өте төмен дәрежеде» екені туралы қорытынды жасады. Оның ойынша, «әлсіз» халықтардың ұлттық таным деңгейінің «барынша нашар» немесе «мүлдем төмен екендігі» оларды «күшті» мемлекеттердің өздеріне қаратып, күшпен қосып алуына моральдық құқық беретін негіз болып табыла-

ды екен. Осылайша, М.И. Венюков патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы империялық пиғылы мен мақсат-мүддесін жалықпай қайталаумен болды.

Өз қызметінің алғашқы кезеңдерінде М.И. Венюков батыс билеушілерінің іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «өркениетті елдердің» «жабайы тайпаларға» қатысты күштеу әдістерін солай болуға тиісті және одан қашып құтылуға болмайтын заңдылық ретінде қарастырып, қабылдауға бейімділігімен ерекшеленді. «Жабайыларды мойынсұндырудың» ең тиімді және пәрменді құралы деп ол қатаң түрде жазалау шараларын атап көрсетумен болды. Сонымен қатар ол әскери қызметкер және саясаткер ретінде бұл тұрғыдағы шектен тыс белсенді жүргізілген іс-әрекеттердің салдары кей жағдайда Ресей империясының Орталық Азиядағы «өркениетті» пиғылдарын жүзеге асыру барысында патша өкіметі үшін тиімсіз ахуалға апарып соқтырып, орыс отаршылдығын аймақта кеңінен таратуға кедергі келтіруі де мүмкін екендігін ескертуді ұмытпады.

Жалпы алғанда, М.И. Венюковтың тұжырымдары бойынша, өзі кеңінен насихаттап, таратуға күш салған орыс отаршылдығының шектен тыс қаталдығына қарамастан, жергілікті халықтар келімсектерге барынша кең пейілді, жолдастық көңілмен қарағанын, сол себепті «Орталық Азияда Ресей ықпалын кеңейте түсіп, азиялықтарға өркениетке жетуге мүмкіндік берудің» де жеңілдей түсетінін, бұл «моральдық құқықтың» негізі болып табылатынын да атап көрсетті.

Соған қарамастан өз еңбектерінде М.И. Венюков орыс офицері ретінде өзі белсене қатысқан және сипатын ғылыми деп атап, солай түсіндіруге тырысқан әртүрлі экспедициялары барысында жергілікті халыққа қарсы күш қолдануға тура келгенін әлденеше рет мойындайды. Ол тұрғылықты тұрғындарды басып-жаншуға бағытталған мұндай іс-әрекеттерін патшалық Ресей отрядтарының қазақ жерінің ішкі аймақтарына қарай жылжып, еркін қозғалуына қажет болған мәжбүрлік іс-шаралар ретінде ғана қарастырып қоймайды, сонымен қатар патшалық Ресей секілді алпауыт елдің Орталық Азиядағы әскери ықпалын кеңінен тарата түсу үшін керекті шарттардың бірі деп түсіндіреді. Оның ойынша, бақайшағына дейін барынша қаруланған әскери отрядтар құру – жергілікті «жабайы» халықты мойынсұндыруға таптырмайтын «әдіс» болып саналған.

Осы мәселе жөніндегі өзінің ойларын М.И. Венюков «Военный сборник» атты басылымның 1873 жылғы нөмірінде жарық көрген мақаласында кеңінен баяндаған (Венюков М.И., 1873). Автордың 1859 жылы Шу өзеніне, 1860 жылы Ыстықкөл көліне жасаған экспедициясының қорытындысы бойынша жазылған бұл еңбегі «Түркістан жинағының» 1873 жылғы 48 томында берілген.

М.И. Венюков аталған мақаласында орыс отрядтарының Орталық Азиядағы қызметіне байланысты деректер мен оқиғаларға талдау жасаған. Өзі жүріп өткен жерлерге сипаттама беріп, жүргізілген жорықтардың мақсаты мен жергілікті халыққа қарсы бағытталған әскери күштердің қажеттілігін негіздеуге әрекет жасаған. Орыс әскери отрядтарының құрамына анықтама берген, патшалық Ресей әскери министрлігінің Орталық Азияда тұрып жатқан халықтардың өзара қарама-қайшылықтарын орыс отаршылдық саясатының табысты жүргізілуі мен өз елінің мүддесі үшін пайдалану мүмкіндігіне орай өзінің болжамдарын ортаға салған. Отарлаушы отрядтардағы орыс әскерлерін азық-түлікпен, қару-жарақпен және әскери жорықтардың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқа да қажеттіліктерімен қамтамасыз етудің жолдарын ұсынған. Патшалық Ресей бас штабының офицері болып қызмет кеткен М.И. Венюков орыс отаршылдық саясатының түпкілікті мақсаты «бейбіт» мақсаттарға негізделгенін ұдайы қайталаудан жалықпады.

Алайда, автордың мұндай мазмұндағы мәлімдемелерін оның шын мәніндегі әскери-соғыс сипатындағы ұсыныстары жоққа шығарып отырды. Мысалы, оның «Түркістан жинағына» топтастырылған публицистикалық материалдарында орыс әскерлерінің күшін қазақ даласында жүргізілетін, «азиялықтарды адамгершілік жағынан таптап, басып-жаншығанымен, орыс әскерлерінің рухын асқақтатуға ғана қызмет ететін» шайқастарға жұмсап, әуре болмай-ақ, «ауылдар мен ерекше бекіністерге қарсы» бағытталған, естен тандыратын ауыр соққылар беру жөніндегі ұсыныстары қаталдық сипатымен назар аудармай қоймайды. Мәселенің дәл осылайша қойылуы отаршылдық пиғылдағы орыс билігінің шын мәніндегі бет-пердесін көрсеткенімен, В.И. Венюковтың саяси көзқарасының «бейбіт ниетті» емес, керісінше екенін айқын аңғартса керек.

«Түркістан жинағындағы» публицистикалық материалдарында М.И. Венюков бір жағынан

Орталық Азия аймағын патшалық Ресей құрамына қосып алудың бейбіт жолдарын көрсетіп, осы әдісті қолдануға басымдылық берілуін ұсынса, екінші жағынан жергілікті бейбіт халыққа қарсы ескери күшті тартынбай-ақ қолдана беруге болатынын, «тыныштық пен бағыныштылықты тезірек орнатуға бағытталған мақсатқа жедел түрде осылай ғана жете алатынын» қайталаудан жалықпады.

Орыс отаршылдығының осындай түпкілікті пиғылын жүзеге асыру жолында, М.И. Венюковтың тұжырымы бойынша, жергілікті бейбіт халықты жойып жіберуден де тайынудың қажеті жоқ көрінеді. Сонымен бір мезетте ол әскер күшін артық қолданып жіберуден де сақтануға, «өркениетті қоғам» өкілдерінің «жабайыларға» деген қарым-қатынасының «кішіпейілділік пен адамгершілік» шегінен аспауына шақырды. Ресей офицері киіз үйлерді бұзып, қирату сияқты әрекеттерге тек қажетті жағдайда ғана бару керектігін, өйткені «мұндай жағдай көшпелілердің ашу-ызасын тудыруы мүмкін» екенін де ескеру керектігін айтады.

М.И. Венюковтың «Түркістан жинағына» жинақталған еңбектерінің тақырыптары сан қырлы. Ол 1868 жылы басылып шыққан «Путешествие по окраинам русской Азии» атты еңбегінде Орыс географиялық қоғамының мүшесі, этнограф және саяхатшы ретінде Іле өлкесі мен Шу төңірегі өңірі, атап айтқанда, Ыстықкөл көлі, Шу өзені, Алматы қаласы, Іле Алатауының табиғи жағдайларына ғылыми сипаттама берілген. Кітапта келтірілген этнографиялық материалдардың мазмұны аса бай екенін де атап өтуге тиіспіз. Онда қазақтардың өткен ғасырлардағы тұрмысы, салт-дәстүрі, Ұлы жүз қазақтарының рулары, оларды басқару жүйесі жан-жақты көрсетілген (Венюков М.И., 1868).

Кітап тарауларының бірі Батыс Сібір арқылы өтетін сыртқы сауда жолдарының, Петропавл және Семей кедендері, Өскемен, Коряков заставаларының жағдайын сөз етуге арналған. Сауда айналымының мөлшері және қазақ даласына әкелінген тауарлардың түрлері туралы мәліметтер ортаға салынған. Қазақ даласын отарлау мәселесі еңбектің арнайы бір тарауында сөз етілген.

М.И. Венюковтың аталған еңбегінде Алматы қаласы туралы нақты деректер де кездеседі. Автор Алматы қаласы «бір кезде, және, бәлкім, таяу арада біртұтас Орталық Азия үшін аса маңызды сауда орталығына айналуы мүмкін» екені тура-

лы ғылыми болжам жасалған. Алматы қаласына ерекше назар аударылып, географиялық жағдайы, қалада өмір сүріп жатқан тұрғындар мен олардың шұғылданатын кәсібі жайында көптеген деректер келтірілген.

Азиядағы орыс шекараларына әскери көзқарас тұрғысынан шолу жасауға арналған тағы бір еңбегінде М.И. Венюков Түркістан өлкесінің таулы аймақтарының топографиясына, тау қыраттарына, ландшафтына, географиялық жағдайына, жануарлар және өсімдіктер дүниесіне, пайдалы қазбаларына шолу жасаған. Өлкедегі жол қатынасы, тұрып жатқан тұрғындары, Шымкент және Әулиеата өңірі қазақтарының тыныс-тіршілігі, оларды басқару жүйесі, Кіші жүз қазақтарының Троицк қаласы түбінен Әмударияға қоныс аударуы жайында мәліметтер келтірілген. Сондай-ақ, Қаратау қазақтары, Бұқар және Қоқан хандықтары аумағында көшіп-қонып жүрген қазақтар, таулы Тұран аймағы тұрғындарының құрамы туралы статистикалық-этнографиялық кестелер жарияланған.

Орал немесе Қиуа бөлімшесі, оның құрамындағы бөлімшелер, Үстірт өңірі, оның географиялық сипаттамасы, ондағы құдықтар, тұрып жатқан халық тұрмысы, олардың Ресей бодандығына өткен, Бұқара және Қиуа құрамындағы қазақтар болып бөлінетіні айтылған. Ресей құрамындағы қазақтарды – адайлар, маңғышлақ қазақтары, Орынбор ведомствосы қазақтары, Сырдария қазақтары деп жүйелеп, жіктеп, оларды басқару жүйесі жайындағы ұсыныстарын ортаға салған.

М.И. Венюковтың сөз етіліп отырған еңбегінің қосымшасында өлкенің астрономиялық нүктелерінің тізімі, Ресейден Қытайға баратын жолдар, Түркістанның маңызды байланыс жолдары, атап айтқанда, Семейден Верныйға апаратын жолдардың сызбалары берілген. Жинақталған материалдар бойынша 33 әдеби дереккөзінің тізімі де қоса жарияланған (Венюков М.И., 1873).

Ресей құрамына күшпен біріктірілген Азия аймағының географиялық, этнографиялық және әскери-статистикалық деректерін кеңінен талдаумен бірге М.И. Венюков келесі бір еңбегінде өз елінің жергілікті хандықтармен қарым-қатынасының тарихына да жан-жақты тоқталған. Қазақ даласын отарлау, мұнда әртүрлі бекіністер салу, Перовскийдің Ресейдің Орталық Азияға ықпалын кеңейтіп, қалпына келтіру мақсатында Қиуаға жасаған экспедициясы, Ақмешіттің, Жоңғар учаскесі аумағына қарап келген Се-

мей және Жетісу облыстарының алыну тарихы тізбектеле сөз етілген. Жоңғар және Іле Алатауы жүйелері, Алатаудың өткелдерінің биіктігі туралы сандық деректер, Жетісу облысының өзендері, ауа райы, өсімдіктер әлемі, жануарлар дүниесі, пайдалы қазбалары, Семейден Верныйға, Верныйдан Құлжаға апаратын жол қатынасы да назардан тыс қалмаған.

Сонымен бірге Жоңғария тұрғындары, көшпелі қазақтар мен қалмақтар, қазақ жерінің әкімшілік бөлінісі, қазақтар төлеп тұрған алым-салықтар жайында деректер мол кездеседі. Орыс отаршылдық саясатының 1872 жылғы жағдайы, Верный, Семей, Қапал елді мекендері, тұрғындардың жүргізген шаруашылық жағдайы, Үрімші және Манас дүнгендері, олардың өмір сүру салт-дәстүрлері туралы да көптеген деректер жинақталған (Венюков М.И., 1873).

М.И. Венюков Ресейдің Азиялық бөлігінің этнографиялық картасын жасап, жариялаған. Бұл карта «Түркістан жинағының» 1873 жылғы 56 томында берілген (Венюков М.И., 1873). «Русская мысль» басылымының 1899 жылғы №9 нөмірінде жарық көрген, «Түркістан жинағының» 1907 жылғы 438 томының 85-91 беттерінде берілген мақаласын М.И. Венюков Түркістан өлкесінің жағдайына, оның ішінде өлкенің ауыл шаруашылық өнімділігін талдауға арнаған. Сонымен бірге автор өлкенің физикалық-географиялық шекарасының дәлдігіне назар аударған (Венюков М.И., 1899).

«Түркістан жинағының» 1873 жылғы 83 томының 49 бетінде М.И. Венюковтың Қиуа тұрғындары туралы деректері жарияланған. Онда орыс әскерлерінің жаулап алуы тұсындағы Қиуа тұрғындарының тізімі келтірілген. Әсіресе, сол кезде Қиуа хандығында 12 мың қазақ түтіні болғаны туралы мәліметтер назар аударды (Венюков М.И., 1873).

М.И. Венюковтің публицистикалық және тарихи еңбектері орыс мерзімді баспасөзі тарапынан да тиісті бағасын алып отырды. «Русский инвалид» басылымы ғалымның Географиялық қоғам атына жолданған Түркістан өлкесі туралы географиялық, этнографиялық және статистикалық материалдар жинақталған мақаласы жайында арнайы рецензия жариялады. Рецензия авторы М.И. Венюковтың басқа да еңбектері жайында оң пікір білдірген (Венюков М.И., 1873).

М.И. Венюковтың «Русская мысль» басылымында жарық көрген, 1850-1880 жылдар аралығындағы 30 жыл мерзімде патшалық Ресейдің өзіне қаратқан және айырылуға

мәжбүр болған аймақтық жерлері жайында сөз етілген мақаласына байланысты «Слово» газеті 1880 жылы арнайы рецензия жариялады (Венюков М.И., 1880). Онда рецензия авторы патшалық Ресейдің Түркістан өлкесін отарлау жөніндегі 1850 жылдан кейінгі «қол жеткізген жетістіктеріне», оның ішінде Жетісу облысының оңтүстік бөлігі қаратылып алынғанына тоқтала келіп, М.И. Венюковтың кейбір пікірлерімен келіспейтінін де жасырмайды. Мысалы, М.И. Венюков бұл өлкеде халықты отырықшылыққа бейімдеп, қоныстандыру үшін бар болғаны 30-40 миль пайдалы жер бар деп есептесе, «Слово» газетінің авторы бұл мәліметтерді жоққа шығарып, егістікке пайдалы жерлердің аумағы бұдан 20 есе көп деген мәлімет келтірген.

Сондай-ақ, М.И. Венюков та өз тарапынан әріптестерінің қазақ даласы туралы деректік материалдар мол кездесетін публицистикалық жазбалары жайында пікір білдіріп отырды. Автор Ресей құрамына енгізілген аймақтарға қатысты географиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген Н.Л. Ивашинцев, А.И. Макшеев, П. Семенов, А.П. Федченко, Л. Костенко, М.А. Терентьев, П.И. Лерх, А. Габриель және басқа орыс ғалымдарының еңбектеріне шолу жасап, оларға жан-жақты талдау жасауды да назардан тыс қалдырмаған (Венюков М.И., 1877).

«Түркістан жинағында» топтастырылған, орыс баспасөзінде жарияланған мақалаларында М.И. Венюков орыс әскери отрядтары мен экспедицияларының құрамына қазақтардың өкілдерін де бірте-бірте қосу керектігін, оларды қажет жағдайда «жалпы мүдде» үшін пайдалануға болатынын еске салады. Ол үшін қазақтар арасындағы старшындарды тек қана «орыс билігіне шын берілген сұлтандардың, билер мен батырлардың арасынан тағайындап, ал олардың серіктерін – оларды тыңдайтын жігіттерден белгілеу» дұрыс екенін ескертеді. М.И. Венюковтың пікірінше, «орыс отрядтары арасына қабылданатын мұндай қазақтар орыс казактарын алмастырып, барлаушы, хат тасушы қызметтерін атқара алар еді».

Орыс офицері өз мақалаларында мұнымен ғана шектелмей, тіпті Үндістандағы сипайларды ұйымдастыру ісінен үлгі ала отырып, жергілікті халық арасынан іріктеліп алынған адамдардан арнайы «айыптау отрядтарын» құрып, оларды өздерінің жерлес, ағайындарына қарсы жазау шараларын жүргізуге пайдалану керектігін ұсынады. Автор осыны айта келіп, мұндай істе барынша абай болуды да ескертеді.

М.И. Венюковтың ойынша, ағылшындар осындай тәжірибені қолдану кезінде «тым шектен шығып, ахуалды ушықтырып алған», олар Үндістандағы британ әскерінің құрамындағы жергілікті халықтың үлес салмағы тым көбейіп кетуіне жол беріп қойған. Ал, мұндай ахуалда «жабайылар» ереуілге немесе көтеріліске шыға қалғандай жағдай туса, оның соңы ағылшындардың өздеріне қарсы бағытталған ауыр салдарға соқтырған. Сол себепті В.И. Венюков орыс отаршылдық саясатын жүзеге асыру барысында «осындай олқылықтарға жол беріп алмау үшін» қазақ даласында «барлық бағыттар бойынша барынша жылдам, тез қозғала алатын» орыс казактарының шұғыл және жинақы арнайы отрядтарын ұйымдастырып қою қажет деп біледі.

М.И. Венюков патшалық Ресейдің аймақтағы ықпалы мен күш-қуатын күшейте түсу мақсатында жергілікті тұрғындарды өз мүдделері үшін пайдалану кезінде барынша абай болып, қазақтардың мүмкіндіктері мен қызметін қолдануға шек қоя отырып, сақтықпен әрекет етуге шақырады. Орыс мерзімді басылымдарында жарық көрген, кейін «Түркістан жинағында» топтастырылған материалдарында жазылған ұсыныстарында М.И. Венюков қазақ даласын жаулап алудың әдіс-тәсілдері мен жолдары, күшпен қаратып алынған өлкеде тұрып жатқан жергілікті халық жөніндегі өзі өкілі болып табылатын әскери министрліктің көзқарасын айқын аңғартты. Патшалық Ресей өкіметі сөз жүзінде орыс билігінің қазақ даласындағы «аса тату», «барынша бейбіт сүйгіш» саясат жүргізу туралы ресми ұстанымдарын жария еткенімен, іс жүзінде орыс отаршылдығының теориясы мен тәжірибесінің арасындағы айқын қарамақайшылықты нақты көрсетіп берді.

Кезінде Германия канцлері Б. Бюлов Ресейдің отаршыл саясатын сипаттау кезінде «қаталдық» және «жабайылық, рақымсыздық, мәдениетсіздік» ұғымдарын кеңінен пайдаланған болса, тиісінше, М.И. Венюков орыс баспасөзінде жарияланған публицистикалық еңбектерінде кейбір еуропалық мемлекеттердің өздері жаулап алған отар елдеріне байланысты қолданған саясатын сынап, оны өрескел олқылық ретінде атап өткен еді. Соған қарамастан М.И. Венюков өзі өкілі болып табылатын патшалық Ресейдің жаулап алушылық іс-әрекеттерін ақтау пиғылын жасыра алмады (Венюков М.И., 1893).

М.И. Венюковтың ғылыми еңбектері өз алдына бөлек кітаптар түрінде басылып

шығарылумен бірге сол тұста жүйелі түрде шығарылып тұрған «Военный сборник», «Русская мысль» секілді мерзімді басылымдарда да жарияланды.

Автордың қаламынан туған жазбалардың жанрлық ерекшеліктерін «Заметки о степных походах в Средней Азии», «Заметка о наших Средне-азиатских владениях», «Очерк географических исследований в Азиатской России», «Этнографическая карта Азиатской России» және басқа да тақырыптары арқылы танып-білуге болады. Десек те, бұл еңбектердің мазмұнын талдап қарағанда, аталған тақырыптардағы «заметка», «очерк» іспетті жанрлық атаулардың мәні қазіргі әдеби және журналистік пішіндерден әлдеқайда басқаша екенін байқау қиын емес. Осы заманғы заметкалар мен очерктер әдетте күнделікті газеттердің ақпараттық қызметін айшықтайтын, оқырманға жедел хабар беру мақсатын көздейтін жанрлар ретінде қалыптасса, М.И. Венюков еңбектерінде негізінен ғылыми талдау, ғылыми тұжырым жасау, қарастырып отырған мәселелеріне орай ұсыныстарын ортаға салу және ең бастысы, отаршылдық саяси сарын айқын аңғарылады.

Қорытынды

Патшалық Ресей баспасөзінің журналистика тарихындағы маңызын айқындауға бағытталған жұмысымызды жазу барысында Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы К.П. фон-Кауфманның бастамасымен құрастырылып, кейін жалпы көлемі 594 томды құраған «Түркістан жинағына» топтастырылған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде елдерде жарық көріп тұрған мерзімді басылымдардағы жалпы Түркістан аймағына қатысты журналистік шығармалар алғаш ғылыми жүйеленіп, мынадай тың ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

Орыс мерзімді басылымдары мен ғылыми жинақтардағы Түркістан өлкесі жөніндегі материалдардың мол болуы патша өкіметімен бірге оның баспасөз құралдарының қазақ даласын игеру, жергілікті халықтың әлеуметтік ахуалын сипаттауға ерекше назар аударғанын аңғартады. Әрбір мақала, хабарды жеке-жеке қарасақ, олардың әрқайсысының өзіндік тақырыптық, стильдік өзгешелігі бар екенін байқаймыз.

Солай бола тұрса да, бәріне тән жалпы сипаттары бар. Ол – қазақ даласын отарлау проблемасының ортақтығынан туады.

«Түркістан жинағындағы» орыс баспасөзінің қазақ халқының әлеуметтік жағдайын жазуға деген «ықыласы» осы өңірге қоныс аударушы орыс шаруаларының көшіп-қону қозғалысына орай артып отырғанын атап өту керек.

Бұл мәселеге екі тұрғыдан қарауға болады. Біріншіден, жергілікті тұрғындар мен көшіп келушілердің «өзара қарым-қатынасы», екіншіден, қазақ халқының шаруашылық жүргізудегі әдіс-тәсілдерді орыс баспасөзінің тақырыптарына айналуы.

Кейбір ағайынның шен-шекпенге құмарлығы, жүз бен руға бөлініп, жерге таласының одан әрі өршуі және басқа да жағдайлар патшалық Ресейдің отаршылдық жаулап алу саясатына барынша жеңілдік туғызды. Яғни, орыс баспасөзі қазақтарға деген көзқарасын орыс қоныс аударушыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға барынша ықпал ету тұрғысынан ғана білдіріп отырды. Жергілікті халықтың ішкі өміріндегі онды өзгерістер мерзімді басылымдарды онша қызықтыра қоймаған сияқты.

Түйіндеп айтқанда, «Түркістан жинағындағы» орыс баспасөзі қазақ халқына ұлы-орыстық шовинизм деңгейінде ғана қарап, барлық дерек, мәліметтерді сол тұрғыдан іріктеп, осы үстемділікке сай қоғамдық пікір қалыптастырды.

Мәселенің осы жағына назар аудара отырып, «Түркістан жинағындағы» журналистік материалдардың мынадай ерекшеліктерін атап өткіміз келеді:

Газет-журналдар беттерінде жарық көрген материалдардың барлығы бірдей арнайы мамандардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жазылған мақала, хабарлар емес еді. Соған қарамастан мұндай жазбалардың авторлары әлі тарих еншісіне ене қоймаған оқиға, құбылыстарды ағымдағы іс-әрекеттермен байланыстырып, соның ізін суытпай қағазға түсіріп отыруға тырысты. Негізінен олар күнделікті тыныс-тіршілікпен сабақтасып жатқан жайттарды аша түсу үшін тарихқа жүгініп отырды.

Мерзімді баспасөз материалдарының жазылу стилінде баяндау әдісі басым болғанымен деректік тұғыры өте құнды. Нақты мәліметтерді тарихи тұрғыдан тұжырымдау мәселесіне терең назар аударылған, жасалған қорытындылар дәлдігімен ерекшеленеді. Арнайы ғылыми-зерттеу нәтижесінде жинақталған деректер мен мерзімді басылымдар мақалаларындағы мәліметтер бір-бірін толықтырып, қазақ халқының өткен ғасырлардағы әлеуметтік жағдайын айқындай түсуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Ewans, Martin (2010). *Securing the Indian frontier in Central Asia: Confrontation and negotiation, 1865-95* (Book), pp. 1-200.
- Campbell, I.W. *Russian rule in Central Asia // Routledge Handbook of Contemporary Central Asia*, 2021, pp. 26–40.
- Sartori, P. (2014). *Constructing colonial legality in Russian central Asia: On guardianship // Comparative Studies in Society and History*, № 56(2), pp. 419-447.
- Schimmelpenninck Van Der Oye, D. (2014). *Paul's great game: Russia's plan to invade British India // Central Asian Survey*, № 33(2), pp. 143-152.
- Schorkowitz, D. *Was Russia a colonial empire? // Shifting Forms of Continental Colonialism: Unfinished Struggles and Tensions*, 2019, pp. 117–147.
- Kök, E. *Timurid Monuments as Seen by the Russian Painter Vasily Vasilyevich Vereshchagin (1842-1904): Documentation of the Cultural Heritage in Central Asia // Art-Sanat Dergisi*, 2022 (18), c. 263-294.
- Levi, Scott C. (2017). *The rise and fall of Khoqand, 1709-1876: Central Asia in the global age* (Book), pp. 1-288.
- Marshall, A. (2006). *The Russian general staff and Asia 1860-1917*. (Book). King's College London, United Kingdom.
- Peterson, M.K. (2016). *Engineering Empire: Russian and foreign hydraulic experts in Central Asia, 1887-1917 | [L'Empire et l'ingénierie hydraulique: Les experts russes et étrangers en Asie centrale, 1887-1917] // Cahiers du Monde Russe*, № 57(1), pp. 125-146
- Weeks, Theodore R. (2006). *Managing empire: Tsarist nationalities policy // The Cambridge History of Russia Volume 2: Imperial Russia, 1689-1917*, pp. 27-441.
- Венюков М.И. Путешествие по окраинам русской Азии. – СПб., 1868. – 526 с. // Туркестанский сб. – 1868. – Т. 9. – С. 1-528.
- Венюков М.И. Очерк географических исследований в Азиатской России. – Военный сборник. – 1877. – № 7. – С. 1-81 // Туркестанский сб. – 1878. – Т. 185.
- Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – 441 с. // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 55.
- Венюков М.И. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – Ч. 2. – С. 321-487. /Продолж. Ч. 1/ + 79 с. Приложений. Библиография: 33 назв. // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 56. – Ч. 2. – С. 321-487.

- Венюков М.И. Заметки о степных походах в Средней Азии. – Военный сборник. – 1873 // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 48. – С. 331-360.
- Венюков М.И. Этнографическая карта Азиатской России. Масштаб: в английском дюме 250 верст или 1/10, 500,000. Год издания 1873. – Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – Ч. 2 // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 56.
- Венюков М.И. Население Хивы // Туркестанский сб. – 1873. – Т. 83. – С. 49.
- Венюков М.И. Поземельные приобретения и уступки России за 30 лет, 1850-80 гг. – Русская мысль, IV. – С. 131. – Рец.: Северцов. Заметка о наших Средне-азиатских владениях. – Слово. – 1880. – № 8 // Туркестанский сб. – 1881. – Т. 275. – С. 96-103.
- Венюков М.И. – Русская мысль. – 1893. – №5.
- Венюков М.И. – Русская мысль. – 1897. – 3 книга. – С. 60.
- Венюков М.И. Туркестанские вопросы. – Русская мысль. – 1899. – №9 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 438. – С. 85-91. Голодная степь, 1867-1917. История края в документах. – М., 1981. – С. 187-188.
- Комаров П. Еще о колонизации Сыр-Дарьинского побережья. – Туркестанские ведомости. 1903. – № 100 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 440. – С. 79-81.
- Комаров П. Из киргизских поверий. – Туркестанские ведомости. – 1905. – № 150 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 440. – С. 94-96.
- Комаров П. Каракульские овцы в Чимкентском уезде. – Туркестанское сельское хозяйство. – 1907. – № 1 // Туркестанский сб. – 1908. – Т. 455. – С. 127-128.
- Комаров П. Киргизские пастухи. – Туркестанские ведомости. – 1907. – № 17 // Туркестанский сб. – 1907. – Т. 435. – С. 49-50.
- Кузнецова А.В. М.И. Венюков о методах освоения русского Туркестана // <http://new.hist.asu.ru/biblio/zalk/119>.
- Лыкошин Н. Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии. – Средне-азиатский вестник. – 1896. – № 7, 8 // Туркестанский сб. – 1908. – Т. 466. – С. 175-204.
- Лыкошин Н. Очерк археологических изысканий в Туркестанском крае до учреждения Туркестанского кружка любителей археологии. – Средне-азиатский вестник. – 1896. – № 7. – С. 1-33; № 9. – С. 1-26 // Туркестанский сб. – 1909. – Т. 522. – С. 1-17; Т. 523. – С. 1-13.
- Лыкошин Н.С. Хороший тон на Востоке. – М.: АСТ, 2005. – 288 с.
- Лыкошин Н.С. Полжизни в Туркестане: Очерки быта туземного населения. – СПб., 1916. – С. 200.
- Лыкошин Н.С. – Туркестанские ведомости. – 1912. – №18. – 22 января.
- Лыкошин Н.С. Хороший тон на Востоке. К полувековому юбилею завоевания русскими Туркестанского края. – П., 1915 // Туркестанский сб. – 1916. – Т. 584. – С. 1-84.
- Лыкошин Н.С. – Туркестанские ведомости. – 1903. – №№79-80. – 1-5 октября.
- Руднев Н. – Туркестанские ведомости. – 1900. – №№15-23. – 20 февраля (4 марта) – 19 марта (1 апреля).
- Тилло А. – Туркестанские ведомости. – 1903. – №72. – 7 сентября.
- Тилло А. – Туркестанские ведомости. – 1903. – №№83. – 16 октября.

References

- Ewans, Martin (2010). Securing the Indian frontier in Central Asia: Confrontation and negotiation, 1865-95 (Book), pp. 1-200.
- Campbell, I.W. Russian rule in Central Asia // Routledge Handbook of Contemporary Central Asia, 2021, pp. 26–40.
- Sartori, P. (2014). Constructing colonial legality in Russian central Asia: On guardianship // Comparative Studies in Society and History, № 56(2), pp. 419-447.
- Schimmelpenninck Van Der Oye, D. (2014). Paul's great game: Russia's plan to invade British India // Central Asian Survey, № 33(2), pp. 143-152.
- Schorkowitz, D. Was Russia a colonial empire? // Shifting Forms of Continental Colonialism: Unfinished Struggles and Tensions, 2019, pp. 117–147.
- Kök, E. Timurid Monuments as Seen by the Russian Painter Vasily Vasilyevich Vereshchagin (1842-1904): Documentation of the Cultural Heritage in Central Asia // Art-Sanat Dergisi, 2022 (18), С. 263-294.
- Levi, Scott C. (2017). The rise and fall of Khoqand, 1709-1876: Central Asia in the global age (Book), pp. 1-288.
- Marshall, A. (2006). The Russian general staff and Asia 1860-1917. (Book). King's College London, United Kingdom.
- Peterson, M.K. (2016). Engineering Empire: Russian and foreign hydraulic experts in Central Asia, 1887-1917 | [L'Empire et l'ingénierie hydraulique: Les experts russes et étrangers en Asie centrale, 1887-1917] // Cahiers du Monde Russe, № 57(1), pp. 125-146
- Weeks, Theodore R. (2006). Managing empire: Tsarist nationalities policy // The Cambridge History of Russia Volume 2: Imperial Russia, 1689-1917, pp. 27-441.
- Venjukov M.I. Puteshestvie po okrainam russkoj Azii [A journey through the outskirts of Russian Asia]. – SPb., 1868. – 526 s. // Turkestanskij sb. – 1868. – Т. 9. – С. 1-528.
- Venjukov M.I. Oчерк географических исследований в Азиатской России [Outline of Geographical Research in Asiatic Russia]. – Voennyj sbornik. – 1877. – № 7. – С. 1-81 // Turkestanskij sb. – 1878. – Т. 185.

- Venjukov M.I. Opyt voennogo obozrenija russkikh granic v Azii [The experience of military review of Russian borders in Asia]. – SPb., 1873. – 441 s. // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 55.
- Venjukov M.I. Opyt voennogo obozrenija russkikh granic v Azii [The experience of military review of Russian borders in Asia]. – SPb., 1873. – Ch. 2. – S. 321-487. /Prodolz. Ch. 1/ + 79 s. Prilozhenij. Bibliografija: 33 nazv. // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 56. – Ch. 2. – S. 321-487.
- Venjukov M.I. Zametki o stepnyh pohodah v Srednej Azii [Notes on the steppe campaigns in Central Asia]. – Voennyj sbornik. – 1873 // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 48. – S. 331-360.
- Venjukov M.I. Jetnograficheskaja karta Aziatskoj Rossii. Masshtab: v anglijskom djume 250 verst ili 1/10, 500,000. God izdanija 1873 [Ethnographic map of Asiatic Russia. Scale: in the English dume 250 versts or 1/10, 500,000. Year of publication 1873]. – Venjukov M. Opyt voennogo obozrenija russkikh granic v Azii [The experience of military review of Russian borders in Asia]. – SPb., 1873. – Ch. 2 // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 56.
- Venjukov M.I. Naselenie Hivy [Population of Khiva] // Turkestanskij sb. – 1873. – T. 83. – S. 49.
- Venjukov M.I. Pozemel'nye priobretenija i ustupki Rossii za 30 let, 1850-80 gg [Land acquisitions and concessions to Russia over 30 years, 1850-80]. – Russkaja mysl', IV. – S. 131. – Rec.: Severcov. Zametka o nashih Sredne-aziatskih vladenijah [A note about our Central Asian possessions]. – Slovo. – 1880. – № 8 // Turkestanskij sb. – 1881. – T. 275. – S. 96-103.
- Venjukov M.I. – Russkaja mysl'. – 1893. – №5.
- Venjukov M.I. – Russkaja mysl'. – 1897. – 3 kniga. – S. 60.
- Venjukov M.I. Turkestanskije voprosy [Turkestan issues]. – Russkaja mysl'. – 1899. – №9 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 438. – S. 85-91.
- Golodnaja step', 1867-1917. Istorija kraja v dokumentah [Hungry steppe, 1867-1917. The history of the region in documents]. – M., 1981. – S. 187-188.
- Komarov P. Eshhe o kolonizacii Syr-Dar'inskogo poberezh'ja [More about the colonization of the Syr-Darya coast]. – Turkestanskije vedomosti. 1903. – № 100 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 440. – S. 79-81.
- Komarov P. Iz kirgizskih poverij [From Kyrgyz beliefs]. – Turkestanskije vedomosti. – 1905. – № 150 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 440. – S. 94-96.
- Komarov P. Karakul'skie ovcy v Chimkentskom uezde [Karakul sheep in the Chimkent district]. – Turkestanskoe sel'skoe hozjajstvo. – 1907. – № 1 // Turkestanskij sb. – 1908. – T. 455. – S. 127-128.
- Komarov P. Kirgizskie pastuhi [Kyrgyz shepherds]. – Turkestanskije vedomosti. – 1907. – № 17 // Turkestanskij sb. – 1907. – T. 435. – S. 49-50.
- Kuznecova A.V. M.I. Venjukov o metodah osvoenija russkogo Turkestana [M.I. Venjukov on the methods of development of Russian Turkestan] // <http://new.hist.asu.ru/biblio/zalk/119>.
- Lykoshin N. Oчерk arheologicheskikh izyskanij v Turkestanskom krae do uchrezhdenija Turkestanskogo kruzhka ljubitelej arheologii [Essay on archaeological research in the Turkestan region before the establishment of the Turkestan circle of lovers of archeology]. – Sredne-aziatskij vestnik. – 1896. – №№ 7, 8 // Turkestanskij sb. – 1908. – T. 466. – S. 175-204.
- Lykoshin N. Oчерk arheologicheskikh izyskanij v Turkestanskom krae do uchrezhdenija Turkestanskogo kruzhka ljubitelej arheologii [Essay on archaeological research in the Turkestan region before the establishment of the Turkestan circle of lovers of archeology]. – Sredne-aziatskij vestnik. – 1896. – № 7. – S. 1-33; № 9. – S. 1-26 // Turkestanskij sb. – 1909. – T. 522. – S. 1-17; T. 523. – S. 1-13.
- Lykoshin N.S. Horoshij ton na Vostoke [Good tone in the East]. – M.: AST, 2005. – 288 s.
- Lykoshin N.S. Polzhizni v Turkestane: Oчерki byta tuzemnojo naselenija [Half a Life in Turkestan: Essays on the Life of the Indigenous Population]. – SPb., 1916. – S. 200.
- Lykoshin N.S. – Turkestanskije vedomosti. – 1912. – №18. – 22 janvarja.
- Lykoshin N.S. Horoshij ton na Vostoke. K poluvekovomu jubileju zavoevanija russkimi Turkestanskogo kraja [Good tone in the East. To the half-century anniversary of the Russian conquest of the Turkestan region]. – P., 1915 // Turkestanskij sb. – 1916. – T. 584. – S. 1-84.
- Lykoshin N.S. – Turkestanskije vedomosti. – 1903. – №№79-80. – 1-5 oktjabrja.
- Rudnev N. – Turkestanskije vedomosti. – 1900. – №№15-23. – 20 fevralja (4 marta) – 19 marta (1 aprilja).
- Tillo A. – Turkestanskije vedomosti. – 1903. – №72. – 7 sentjabrja.
- Tillo A. – Turkestanskije vedomosti. – 1903. – №№83. – 16 oktjabrja.